

50. Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың::

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3). Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржылық көздері себінен құрылады.

51. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

52. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

53. Егер қаржыландырудың қосымша көзі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленбесе, мемлекеттік мекеме қызметі бюджеттен қаржыландырылады.

54. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және қайта қарау Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте тиісті саланың уәкілетті органымен жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі

55. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

56. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

57. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшы құжаттары өзгерістер мен толықтырулары Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тіркеледі.

8. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер